

Мақала 2015-2017 жж. гранттық қаржыландыру тақырыбының зерттеуі бойынша 217 бюджеттік бағдарлама "Ғылымды дамыту", 102 бағдарлама "Ғылыми зерттеуді гранттық қаржыландыру" жобаның тақырыбы: №4766/Ф4 " Қазақстан аймақтарының ауылдық тұрғындардың өмір сүру деңгейін олардың экономикалық дамуына байланысты негіздеу: индикаторларды ғылыми зерттеу және әлеуметтік стандарттарды енгізу» жобасы бойынша дайындалды, тіркеу №0115PK01912.

Кілт сөздер: валюта нарығы, айырбас бағамы, ішкі нарық, сұраныс, АҚШ доллары, еуро, Қытай юані, Ресей рублі.

ЭОЖ 001.83(100):378

Қалықова Б.Б., Саяпил Ә.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ МАҢЫЗЫ

Андатпа

Мақалада, дағдарыс және қатаң бәсекелестік жағдайында ҚР шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау, шағын және орта бизнестің даму динамикасы, ел экономикасының дамуындағы шағын және орта бизнестің маңыздылығы қарастырылған.

Кілт сөздер: шағын және орта бизнес, пайда, инвестиция, мемлекеттік қолдау, қаржыландыру.

Кіріспе

Шағын және орта бизнесті дамыту – кез келген елдің экономикасының тірегі. Себебі, ол ел экономикасының инновациялық даму жолына көшуіне ықпал етеді. Дамыған шағын және орта кәсіпкерліксіз кез-келген елдің экономикасы макроэкономикалық тұрақтылыққа жете алмайды. Сондықтан да, шағын және орта бизнес тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ Қазақстанда экономиканың маңызды секторы ретінде айқындалды. Шағын және орта бизнесті жан-жақты қолдау, әрқашан мемлекеттік саясаттың басымды бағыттарының бірі болды. Соның арқасында, елдегі күрделі экономикалық жағдайға қарамастан, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны тұрақты өсуде.

Қазақстанда шағын бизнестің дамуы барлық көрсеткіштері бойынша көлемі жағынан да, сипаты жағынан да батыс елдеріне қарағанда әлде қайда артта қалып отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының мәліметтеріне сүйенсек, әлемдік экономикада тек шағын кәсіпорындардың саны барлық кәсіпорындардың жалпы санының 95%-нан асады, олардың ЖІӨ-дегі үлесі 50%-ға дейін жетеді. Дамыған мемлекеттердегі шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі мысалы, Жапонияда-55%, Ұлыбританияда-52%, Германияда-57%, Италияда-70%. Салыстырмалы сараптама Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктің макроэкономикалық көрсеткіште үлесінің өте аз екенін көрсетеді. Қазіргі таңда шағын бизнестің инвестициялық үдеріске қатысуы қазақстан экономикасының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының Үкіметі шағын және орта инновациялық бизнес мәселесін тиімді шешуге қомақты қаражат бөлуде [1]. Қазақстанда 2020 жылға дейін оның үлесін 40%-ға жеткізу көзделіп отыр. Сол себепті шағын және орта бизнеске қолдау артқан. Мысалы, соңғы жылдары «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының демеуімен елімізде 35 мыңға жуық бизнес-жоба сәтті іске асқан.

Негізгі бөлім

Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға белсенді қатысушылары-шағын және орта бизнес субъектілері-кәсіпкерлер, жеке адамдар, бизнесмендер екені белгілі. Республикамызда шағын және орта бизнестің дамуына жан-жақты қолдаулар көрсетілуде. Мәселен, әр түрлі бағдарламалар жасалып, мақсаттары айқындалып, сол бойынша жұмыстар жасалып жатыр. Шағын және орта бизнестің дамуы елдің экономикалық дамуымен қатар қоғамның әлеуметтік құрылымының дамуына да септігін тигізуде.

Қазақстанда кәсіпкерліктің, әсіресе шағын және орта бизнестің дамуы экономикалық реформаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Ал, бизнестің жоғары деңгейде дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан белгілі бір дәрежеде қолдау көрсетілуі керек.

Елбасы Қазақстан халына арнаған «Нұрлы жол-болашаққа бағыт» атты жолдауында елдегі шағын және орта бизнесті қолдау масатында 2015-2017 жылдарға ұлттық қордан қомақты қаражат бөлінетінін айта отырып, үкіметтің алдына мынадай міндет қойды: мемлекеттік холдингтер экономиканы әртараптандыруда маңызды рөл атқара отырып, осы үдеріске қазақстандық шағын және орта бизнесті тартып, ынталандырып, қолдау көрсетулері керек [2].

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау бірқатар бағдарламалар аясында, оның ішінде "Бизнестің Жол картасы-2020" бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. "Бизнестің Жол картасы-2020" бағдарламасы аясында кәсіпкерлерге субсидиялау, несиелерді кепілдендіру, гранттық қаржыландыру, оқыту және кеңес беру сияқты қолдаулар көрсетіледі.

"БЖК-2020" бағдарламасының қаржы агенті және координаторы кәсіпкерлердің кредиттері бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялауды жүзеге асырушы, оларға банктік несиелер алған кезде кепілдік беретін, сондай-ақ тегін оқытып, кеңес беру қызметін көрсететін "Даму" қоры болып табылады.

Қазірдің өзінде шағын және орта бизнес Қазақстан экономикасының дамуында шешуші сипат алатындығын басып айтуға болады, өйткені ол халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуге, нарықты отандық тауарлармен және қызметтермен толтыруға, бәсекелестік ортаны қалыптастыруға ықпал етеді. Шағын және орта кәсіпкерлік Қазақстан экономикасының даму және гүлденуінің негізгі тірегі болуда [3].

Бүгінгі күні Қазақстанда шағын және орта бизнестің нормативтік-құқықтық базасы әзірленді, сондай-ақ осы секторға қолдау көрсету үшін даму институттары құрылды. Жалпы алғанда, қазақстандық шағын және орта бизнес жаһандық үрдіске қарай бет бұрды, алайда экономикадағы оның үлесі әзірге әлемдік көрсеткіштерден айтарлықтай ерекшеленеді.

Қазақстандағы шағын және орта бизнесті дамытуға кедергі болатын бірқатар мәселелерді атап айтуға болады:

- шағын және орта бизнестің инвестициялық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қаржылық ресурстарының болмауы. Әсіресе, нақты сектор кәсіпкерлерінде несиелік ресурстардың жетіспеушілігі;

- шағын және орта бизнестің "Start-up" жобасы микронесиелеу жүйесімен шектелуде. Мұндай жобалар инвесторларды қызықтырмайды, негізінен тек ірі компаниялар немесе "үшқыр" жобалар ғана қаржыландырылады;

- Қазақстанда шағын және орта бизнесті қаржыландырудағы венчурлік капиталдың төменгі деңгейі;

- "Start-up" жобасын қаржыландыру шағын және орта бизнестің дамуын тежеуші елеулі фактор болып табылатын кепіл мүліктің болмауымен байланысты тоқырап тұр;


- шағын және орта бизнестің қаржылық қызығушылығының төмен болуының басты маңызды себебі, нашар қаржылық сауаттылық және инвестициялық ұсыныстардың

сапасының төмендігі (жобалардың тексерілмеуі, стратегиялық жоспарлау және ұзақ мерзімді жобаларды іске асырудағы тәжірибенің аздығы).

Жоғарыда аталған проблемаларды шешу үшін үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту және "Бизнестің Жол картасы-2020" Мемлекеттік бағдарламалары аясында Тұрақтандыру бағдарламасы арқылы мемлекеттік қаржыландыру жүзеге асырылуда. Осы бағдарлама аясында, ЕДБ (екінші деңгейлі банктер) жаңа және қолданыстағы несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау түрінде қолдау көрсету, ЕДБ банктердің несиелерін кепілдендіру, қажетті өндірістік инфрақұрылымды дамыту, сервистік қызмет көрсету, кадрларды даярлау және қайта даярлау, сонымен қатар кәсібін енді бастаған кәсіпкерлерге қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсету қарастырылған [4].

Сонымен қатар, нарықтық экономикада инновациялық процестерде шағын және ірі бизнес үлкен рөл атқарады, олардың әрқайсысының өз орны бар. Дағдарыстан кейінгі даму жағдайында нақты кәсіпорындар үшін оның шығындарын ішінара төмендету, өнімнің сапасын арттыру немесе жергілікті нарыққа жаңа өніммен шығу сияқты жобаларға басымдық берілуі керек. Дәл осы жерде инновациялық мүмкіндігі іс жүзінде іске қосылмаған шағын бизнес үлкен рөл атқаруы мүмкін. Шағын кәсіпорындар тәуекелге қабілеттілігімен ерекшеленеді, сондықтан олар нарықтағы өзгерістерге оның жаңа қажеттіліктерін ескерместен жақсы бейімделе алады. Мұның барлығы шағын бизнеске нақты нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Бірақ бұл үшін ол тиісті қолдауға ие болуы керек. Ең болмаса нақты өнім өндірумен айналысатын шағын кәсіпорындар үшін, өңдеуші салаларға салықтық жеңілдіктер, үй-жайларды, жерді және т.б. жалға беру сияқты ынталандыру шаралары қажет.

Дағдарыс кезінде ірі бизнеске қарағанда шағын бизнес тиімдірек болады. Мысалы, 2015 жылдың бірінші жарты жылдық қорытындысы бойынша ҚР-да шағын кәсіпорындарда 2014 жылдың табыс деңгейі сақталған 435,0 млрд теңгеге (-1%), ал ірі және орта кәсіпорындар табысы 2014 жылдың қаңтар-маусым айларымен салыстырғанда 40%-ға аз немесе 1,2 трлн.теңге құрады. Осылайша, 2015 жылы шағын бизнестің пайдасы ірі бизнес пайдасымен салыстырғанда 25% -ға артты (Сурет 1).



Сурет.1- ҚР шағын, орта және ірі кәсіпорындардың пайдасын салыстыру динамикасы

Салалық тұрғыдан алсақ 11 шағын кәсіпорындар саласында пайда алынды. Ең жоғарғы табысты сала - бұл алғашқы 6 айда тау-кен секторы болды. 2015 жылғы олардың

табысы 140,1 млрд теңге құрады. Алайда тау-кен өнімдеріне әлемдік сұраныстың төмендеуі салдарынан сектордағы пайда өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 2 еседен астам азайды. Екінші орында - кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласы, онда 2014 жылдың бірінші жарты жылымен салыстырғанда 2,2 есе көп табыс тапты, немесе 106,9 млрд.теңге. Үшінші орында - қаржы қызметі, онда шағын кәсіпорындар пайдасы 2014 жылмен салыстырғанда 4,8 есе жоғары болды немесе 68,8 млрд.теңге құрады.

Қорытынды

Шағын және орта кәсіпкерлік Қазақстанның гүлденуінің және экономикалық дамуының негізгі тірегі болуда. Орта және шағын бизнес Қазақстан экономикасының дамуында маңызды позицияны қалыптастырып үлгерді деп айтуға болады: халықты жұмыспен қамту, нарықты отандық өнімдер мен қызметтермен толықтыру, бәсекелік ортаны қалыптастыру және т.б. Еліміздің тұрақты экономикалық дамуы үшін шағын және орта кәсіпкерлікті сапалық тұрғыдан жетілдіріп, негізгі мәселелерді анықтап, оның ұтымды шешімін таба алған жағдайда ғана біз экономикалық тұрақтылыққа қол жеткіземіз.

Әдебиеттер

1. Орлова Е.П. Проблемы развития малого инновационного бизнеса. / Журнал «Экономика и современный менеджмент: теория и практика» /Выпуск № 38 /2014.
2. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауы. 14 Қараша 2014
3. <http://fund.damu.kz>
4. <http://ranking.kz/>

Калыкова Б.Б., Саяпил А.

ЗНАЧЕНИЕ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА ДЛЯ ЭФФЕКТИВНОГО РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ

Аннотация

Данная статья рассматривает динамику развития малого и среднего бизнеса РК в условиях кризиса и жесткой конкуренции, сущность малого и среднего бизнеса в развитии экономики государства.

Ключевые слова: малый и средний бизнес, прибыль, инвестиции, государственная поддержка, финансирование.

Kalykova B.B., Sayapil A.

BUSINESS DOWNLOADS OF EFFECTIVE INFLUENCES NAZARIAN NATIONAL ECONOMY OF RASVITATION

Annotation

This article examines the dynamics of small and medium business development in the conditions of the crisis and tough competition, the essence of small and medium business in the development of the state economy.

Keywords: small and medium businesses, profit, investments, governmental support, financing.